«Бекітемін»
Абай атындағы мәдени-
демалыс кешенінің директоры
_____А.А.Кулбаев
«____»_____2025 ж

«Жыр әнім сенсің – Маңғыстау!» облыстық XIV «Маңғыстау жұлдыздары» өнер фестивалі

«Жыр әнім сенсің - Маңғыстау!»
облыстық XIV «Маңғыстау жұлдыздары» өнер фестивалінің
СЦЕНАРИЙ

Атаулы фанфара: Шығармашылық мереке – ұлттық мұраны сақтау мен қайта жаңғыртуға шабыт беретін өнер думаны.

Сахна – бұл облыстың ең шалғай түкпірлерінен келген таланттардың бас қосатын орны, олар көрерменге эмоциялар мен сұлулықтың жарқын калейдоскопын сыйлайды.

Бұл – кез келген жанрдағы әуесқой шығармашылық ұжымдарға ашық әлем.

Өнерге адал жандардың жүректері туған жерімен бірге соғып, жан дүниесі арқылы өнердің ұрпақтар сабақтастығын бекемдеп, рухты күшейтіп, бабалар даналығын жеткізетінін паш етеді.

Бұл – өнер арқылы тамыр мен тарихтың құндылығын еске салып, өткен мен болашақ арасындағы көпірге айналатын, шабыт пен ағартушылық миссиясы.

Маңғыстау төрінде, шексіз далалар мен Каспийдің көгілдір толқындары түйіскен жерде, аймақтың мәдени інжу-маржаны — әуесқой өнер ұжымдарының облыстық фестивалі «Маңғыстау жұлдыздары» жалғасын табуда.

(Сахна ашылады, оркестр орналасқан)

(1-шығарма алдында ЖИ көмегімен дайындалған барлық тақырыптарды қамтитын бейне көрсетіледі.)

(ХАБАРЛАУСЫЗ ШЫҒАДЫ)

1. Есір Айшуақұлы. «Көк төбе» ор. «Ақтау жастары» қазақ оркестрі дирижер: Қазбек Дәулет

(Жүргізушілер шығады)

1 жүргізуші: Қайырлы күн, құрметті қонақтар!

2 жүргізуші: Армысыз, ардақты көрермен!

1-жүргізуші: Бүгін Маңғыстау өңірі тағы да думанға бөленіп, талант пен шабыттың ордасына айналып отыр!

2-жүргізуші: Иә, түркі әлемінің мәдениеті мен өнері тоғысқан Ақтау төрінде дәстүрлі түрде өтетін «Маңғыстау жұлдыздары» өнер фестивалі өз шымылдығын түрді!

1-жүргізуші: Бұл жоба өнер әлеміндегі талай жас таланттарға жол ашып, шығармашылығын шыңдауға зор мүмкіндік берген бірегей бастама.

2-жүргізуші: Жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін бұл фестиваль өңір мәдениетінің дамуына, жас өнерпаздардың танылуына үлкен серпін беріп келеді.

1-жүргізуші: Маңғыстау жұлдыздары тек байқау емес, бұл өнер мен арманның тоғысқан алаңы, талант пен еңбек, шабыт пен ізденістің мерекесі!

2-жүргізуші: Ендеше, қадірлі көрермен, фестивальдің әділ бағасын беретін қазылар алқасымен таныс болайық!

(қазылар алқасының мүшелері таныстырылады)

жюри видео визитка лэд экранда

1. **Базаралиева Гулнар Жанамбаевна**	- Қазақстан Республикасының мәдениет саласының үздігі, Маңғыстау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы басшысының орынбасары, қазылар алқасының төрағасы
2. **Базарбаев Бекбол Таңатарұлы**	- Қазақстан Республикасы «Құрмет» орденінің иегері, Ақтау қаласының құрметті азаматы, күйші, қазылар алқасының мүшесі
3. **Сапарова Злиха Теңелбайқызы**	- Қазақстан Республикасының мәдениет саласының үздігі, облыстық ғылыми-әдістемелік және мәдени қызмет көрсету орталығы директорының орынбасары, қазылар алқасының мүшесі
4. **Мадреев Рахат Бекболұлы**	- Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Абыл Тарақұлы атындағы қазақ оркестрінің көркемдік жетекшісі және бас дирижеры, қазылар алқасының мүшесі
5. **Ноғаева Нұржамал Қожаназарқызы**	- Қазақстан Республикасы мәдениет саласының үздігі, облыстық ғылыми-әдістемелік және мәдени қызмет көрсету орталығының халық шығармашылығы бөлімінің меңгерушісі, қазылар алқасының мүшесі
6. **Сариев Серік Мұханбеткәрімұлы**	- Қазақстан Республикасы мәдениет саласының үздігі, Мұрат Өскінбаев атындағы облыстық филармониясының маманы, қазылар алқасының мүшесі

7. **Мынбаев Абугали Тергеубаевич**	- Қазақстан Суретшілер Одағының алғашқы мүшелері, суретші, №30 жалпы білім беретін мектептің көркем еңбек пән оқытушысы, қазылар алқасының мүшесі
8. **Алпысбек Оңайбайұлы**	- Мұрат Өскінбаев атындағы облыстық филармония директорының орынбасары, дәстүрлі әнші, қазылар алқасының мүшесі
9. **Габбасова Сара Хамитовна**	- «Mezzoforte» вокалды студиясының негізін қалаушы, қазылар алқасының мүшесі
10. **Жанабаев Қуаныш Қыдырғалиұлы**	- медиа эксперт, контент-мейкер, қазылар алқасының мүшесі
11. **Керімбаева Эльмира Шаңытбайқызы**	Н. Жантөрин атындағы Маңғыстау облыстық музыкалық драма театрының актрисасы, ҚР «Мәдениет саласының үздігі», қазылар алқасының мүшесі
12. **Ходжаева Камар Куралбаевна**	- облыстық ғылыми-әдістемелік және мәдени қызмет көрсету орталығының мәдени-демалыс шараларын ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, қазылар алқасының хатшысы

1-жүргізуші: Маңғыстау жұлдыздары өнер фестивалінің бүгінгі жұлдыздары - Ақтау қаласының өнерпаздары өңір мәдениетінің айнасы, руханияттың тірегі. Олар өнерге деген сүйіспеншілігін, туған жерге деген ықыласын сахна арқылы жеткізіп жүрген дарынды жандар.Ән мен күйді, би мен поэзияны қатар өрген бұл өнерпаздар қаламыздың мәдени өмірінде өзіндік орнын қалыптастырған.

2 жүргізуші: Бүгінгі кеште дәл сол Ақтау өнерпаздары өз шеберліктерін көрсетіп, көрермен ықыласына бөленбек.Олардың өнері жастық жігер мен шабыттың, ұлттық рух пен жаңашылдықтың үйлескен көрінісі.

«Халық аспаптары оркестрі» жанры бойынша

2.Шәмші Қалдаяқов. «Әнім сен едің» ор: Мәліс Диас
«Ақтау жастары» қазақ оркестрі Дирижер: Қазбек Дәулет

3.Олег Хромушин. «Интерлюд» ор: «Ақтау жастары» қазақ оркестрі
Дирижер: Қазбек Дәулет

4. Құлшар Ерназарұлы. «Ат жортақ» ор: «Ақтау жастары» қазақ оркестрі
Дирижер: Қазбек Дәулет

5. Нұрғиса Тілендиев. «Аңсау» ор: «Ақтау жастары» қазақ оркестрі
Дирижер: Қазбек Дәулет

(Маркиз жабылады.Орындықтар мен дыбыс техникалары қойылады. МАРКИЗ АЛДЫНА 11орындық, 11стойка қойылады)

1-жүргізуші: Қазақ халқы – бай тарихи-мәдени мұраның иесі. Бұл мұра бүкіл адамзат өркениетінің қазынасына енген. Оны зерттеу, жаңғырту, сақтау – бүгінгі қоғамның қасиетті борышы.

2 жүргізуші: Домбыра – қазақ халқының ұлттық болмысының символы. Ол – өткен мен бүгіннің арасын жалғайтын, рухани мұраның иесі. Оның үні – даланың даусы, көшпенді мәдениеттің жүрегі.

1-жүргізуші: Қазақтың кең байтақ даласында, өткеннің жаңғырығы қазіргі сазбен жалғасқан осынау мекенде, дәстүрлі өнердің орны ерекше. Бұл жай ғана музыка емес, бұл халықтың тірі тарихы, оның жаны, дүниетанымы, әуен арқылы көрініс тапқан болмысы.

«Домбырашылар ансамблі» жанры бойынша

6.Абай Құнанбаев.“Торы жорға” ор: «Тебірен» домбырашылар ансамблі

7.Есір Айшуақұлы. “Әлди бөпем” ор: «Тебірен» домбырашылар ансамблі

8.Алтыбаев Ибрагим. “Балдария” ор: «Тебірен» домбырашылар ансамблі

9. Нұрғиса Тілендиев. “Әлқисса” ор: «Тебірен» домбырашылар ансамблі

1-жүргізуші: Маңғыстау өлкесі талай тұлғаны тудырған қасиетті мекен.Өскенбай Қалманбетұлының есімі сол тұлғалардың қатарында алтын әріппен жазылған.

2-жүргізуші: Иә, Өскенбай Қалманбетұлы – қазақ халқының рухани өмірінде ерекше із қалдырған тұлға. Ол өз заманының ұлтжанды азаматы, ел мен жердің қамын жеген, ұлт руханиятының өркендеуіне үлес қосқан қайраткер.

1-жүргізуші: Ол елдің тарихы мен мәдениетінде өзіндік ізі бар, ұрпаққа өнеге боларлық өмір жолымен, ұлтқа қызмет етудің биік үлгісін қалдырған жан.

2-жүргізуші: Өскенбай Қалманбетұлының 165 жылдық мерейтой Маңғыстау өңірінің ғана емес, бүкіл қазақ елінің рухани тарихындағы ерекше белес.

(Маркиз жабық түрінде қалады)
(Орындықтармен дыбыс техникасы алынып, керектілері қалады.)

«Дәстүрлі ән» жанры бойынша

10. Өскенбай Қалманбетұлы. «Кербез Айша» ор: Қаржаубай Диляра

11. Ақтан Керейұлы. «Қаражан қыз» ор: Қаржаубай Диляра

12.Ақтан Керейұлы. «Қаражан қыз» ор: Салназар Нұрзада

13.Өскенбай Қалманбетұлы. «Жеті бұлбұл» ор: Салназар Нұрзада

1-жүргізуші: Маңғыстау жұлдыздары өнер фестивалінің келесі бағыты би өнеріне арналады. Би адам жанының айнасы. Ол – сезімді сөзсіз жеткізетін өнер, қимыл мен ырғақ арқылы өмірдің өз тілінде сөйлейді.

2-жүргізуші: Би ұлт рухының көрінісі. Әр халық өз болмысын, өз мінезін билеу арқылы көрсетеді. Сол себепті де би – ұлттың жүрегінен шыққан үн, халықтың ішкі сұлулығын паш ететін өнер.

(Орындық пен дыбыс техникасы алынып, маркиз ашылады.)

«Хореография» жанры бойынша

14.Халық биі «Той-думан» ор: "Жас art DANCE" би ансамблі
Жетекшісі: Үлбір Саматқызы

(Жүргізушілер шығады)

1-жүргізуші: Жыр мен дәстүрлі ән – халқымыздың рухани өзегі, ұлттың жүрегінен төгілген асыл мұра.Бұл өнердің тамыры тереңде, тарихында елдік пен ерлік, махаббат пен сағыныш, қуаныш пен мұң тоғысқан.

2-жүргізуші:Иә, жыр – қазақтың жан дауысы.Ол ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, ел рухын биіктетіп келеді.Ал дәстүрлі ән – даланың үніндей кең, көңілдің пернесін дөп басар сырлы әуен.

1-жүргізуші:Ән мен жыр арқылы халқымыз тарихын сөйлетті,сезімін шертіп, өмірдің мәнін әуенмен өрді.Сол себепті бұл өнер – ұлттың жаны, рухтың мәңгілік оты.

2-жүргізуші:Жыршы мен әнші – халықтың аманатын арқалаған тұлға.Олардың үнімен дала тербеліп, ел рухы жаңғырады. Ән тарих, жыр тағылым, екеуі де халық жүрегінің үні.

1-жүргізуші:Ендеше, рухани мұрамызды дәріптейтін, дәстүрдің алтын арқауын жалғаған жыр мен дәстүрлі ән әлеміне саяхат жасайық!

(Сахнаға орындық пен дыбыс техникасы қойылады.)
(2 стойка. 1 орындық)

«Жыр» жанры бойынша

15.Сәттіғұл жырау. «Досан батыр» ор: Абдимажит Жансұлу

«Терме» жанры бойынша

16.Өскінбай Қалманбетұлы.“Әлеумет келдің алқалап” ор: Абитмұқан Ақниет

(Жүргізуші шығады орындық пен дыбыс техникасы алынады.)
«Поэзия» жанры бойынша

17. Ғафу Қайырбеков. «Бекет Ата туралы аңыз» ор: Наурызбай Жанель

«Проза» жанры бойынша
18.Бауыржан Момышұлы. "Артымызда Москва" ор: Наурызбай Жанель

«Жеке би» жанры бойынша
19.«Ескінің үні» биі ор: Тәжімұрат Айдана

(Жүргізуші хабарлағанда дыбыс техникасы алынады, маркиз жабылады.)

(Маркиз артында хорға дыбыс техникалары қойылып жатады.

«Поэзия» жанры бойынша
20.Ғафу Қайырбеков.«Бекет Ата туралы аңыз» ор: Джұмабаев Ерасыл

«Проза» жанры бойынша

21. Мәлік Ғабдуллин. "Менің майдандас достарым ор: Джұмабаев Ерасыл

(Жүргізуші хабарлағанда дыбыс техникасы алынады, маркиз ашылады.)

«Классикалық музыка» «Хор» жанры бойынша

22. Халық әні "Камажай" ор: Ақтау қалалық жас өнерпаздардан құрылған хор
Жетекшісі: Наталья Борисовна, Концертмэйстер: Бондарчук Мария

23.Бенджамин Бриттен. "Канон" Рождестволық гимндер сюитасынан шығарма
ор: Ақтау қалалық жас өнерпаздардан құрылған хор
Жетекшісі: Наталья Борисовна, Концертмэйстер: Бондарчук Мария

(Хордан вокалды ансамбльге лайықтап дыбыс техникасы қойылады.)

1-жүргізуші:Вокалды ансамбль бұл тек бірнеше дауыс емес, ол жүректердің үндестігі, әуен мен сезімнің жарасымы.Әрбір дауыс өзінше дара болғанымен, барлығы бірігіп бір тұтас әуенге айналғанда, сиқырлы үйлесім туады.

2-жүргізуші:Иә, вокалды ансамбль сахнадағы бірлік пен үйлесімнің көрінісі.
Олар ән арқылы өмірдің әсемдігін, достықтың, махаббат пен үміттің үнін жеткізеді.

1-жүргізуші: Әрбір нота сезім, әрбір сөз шабыт. Вокалды ансамбльдің орындауындағы ән көрерменнің жүрегіне жылу, көңіліне қуат сыйлайды.

«Классикалық музыка» «Вокалды ансамбль» жанры бойынша

24. Ә.Бейсеуов. «Мұңайма» ор: Жас ұстаздардан құрылған вокалдық ансамбль

25.Alem. «Күйім» ор: Жас ұстаздардан құрылған вокалдық ансамбль

(Вокалды ансамбльдің дыбыс техникасы алынады.)

1-жүргізуші: «Ана туралы баллада» –бұл жан тереңінен туған би. Бұл бидің басты миссиясы – мәңгілік әрі шексіз аналық махаббатты сөзсіз жеткізу. Әрбір қимыл – бұл үнсіз айтылған алғыс үні.

2-жүргізуші:Бұл бидің әр сәтінде ана бейнесі зор алғыс сезімімен дәріптеледі – өмір үшін, махаббат үшін, жүректе әрдайым болатыны үшін. Шығарманың жаңғырығы көрерменнің жүрегінде ұзақ сақталады, өмір жолындағы компас іспетті ананың махаббатын еске салады.

«Хореография» Тақырыптық би жанры бойынша

26. "Ана туралы балада" ор: «Art-style" би ансамблі жетекшісі: Талан Диана

(Халық аспапта орындайтын ансамбльге лайықтап дыбыс техникасы қойылады. РОЯЛ; ОРЫНДЫҚ - 3; МИКРАФОН - 4)

1-жүргізуші: Қазақтың кең даласы саз бен әуенге толы киелі мекен.Сол даланың үнін, ұлттың жан тынысын жеткізетін біздің қасиетті халық аспаптарымыз.

2-жүргізуші: Иә, олардың әрқайсысы ғасырлар қойнауынан жеткен сырлы мұра. Мысалы, жетіген – жеті ішектен төгілген жеті түрлі әуен арқылы халықтың қуанышы мен мұңын бірдей жеткізген көне аспап.

1-жүргізуші:Ал сазсырнайдың үні – самал желдің сыбырына ұқсайды.Оның әуені — табиғаттың тынысын, даланың еркіндігін,адам жүрегіндегі нәзік сезімді бейнелейді.

2-жүргізуші:Ал шертер – ежелгі шертпе саздың символы.Домбыра мен қобыздың арасындағы көпір іспетті,ол – көшпенді өмірдің үні, даланың жүрегін тербеткен аспап.

1-жүргізуші:Бұл үш аспаптың үні тоғысқанда,олар ұлт тарихын, дала жырын, бабалар аманатын бірге жеткізеді.

Халықтық аспапта орындау

27.Айдарбек Оңайбаев. «Ақниет» ор: Мұхтар Інжу (Саз сырнай)
Концертмэйстер: Слан Ғалия

(СТОЙКА АЛЫНАДЫ САЗСЫРНАЙДЫҢ)

28. Боздақтың әні: «Ақбала» ор: Мирман Райхан (Жетіген)

29.Есір Айшуақұлы. «Тоғыз түйеші» ор: Қойшиева Зарина (Шертер)

30. Есір Айшуақұлы. «Күнтай» ор: Мазимхан Аяулым (Қобыз)
Концертмэйстер: Слан Ғалия

1-жүргізуші:Фестиваль шығармашылық ізденісті ынталандырады, заманауи өмір шындығын бейнелейтін және мәдени мұраны сақтайтын жаңа хореографиялық қойылымдардың пайда болуына ықпал етеді. Бұл би өнерін насихаттауға, көрермен

назарын осы өнер түріне аударуға, сондай-ақ жаңа дарынды бишілер мен хореографтарды тәрбиелеуге елеулі үлес қосатын шара.

Эстрадалық-сахналық би

31. «Самғау» биі : Үлгілі ұжым – «Улыбка» би ансамблі жетекшісі: Литау Виктория

«Эстрадалық музыка» вокалды аспаты ансамбль жанры бойынша

32.Хуан Тизол. «Караван» ор: “Табаско” вокалды инструменталды ансамбль

(LED-экранда
Жаннетта Виговская туралы видеокадрлар көрсетіледі)

1-жүргізуші:Өнер жолында өшпес із қалдырған, талантымен талай жастың жүрегіне жол тапқан, ұйымдастырушылық қабілеті мен шығармашылық шеберлігімен ерекшеленген тұлғалар болады.

2-жүргізуші:Солардың бірі талай игі істердің ұйытқысы болған, шебер сценарист, жүргізуші әрі тамаша ұйымдастырушы Виговская Жанетта Аркадьевна

1-жүргізуші: Ол кісі бастамашы болған жобалар бүгінде дәстүрге айналып, ұрпақ сабақтастығын жалғап, өңіріміздің мәдени өмірінде өз орнын тапқан.

2-жүргізуші:Жанетта Аркадьевнаның еңбегі тек ұйымдастыруда ғана емес, жүректерге жылу ұялатып, өнердің мәнін ұқтыра білген ерекше тұлғалық болмысында.

1-жүргізуші: Бүгін біз сол асыл жанның шығармашылық мұрасына құрмет ретінде оның сөзіне жазылған әсем әнді өздеріңізге ұсынамыз.

33. Қарлыбек Джаńмағанбетов. “Мәңгілік алау” әні - ор: Виктор Обухов және “Табаско” вокалды инструменталды ансамбль.

Әнші (соло)

34. Д.Шеңгелбай. «Туған жер» әні – ор: Мәліс Диас

35.Б.Оралұлы. «Елім-ай» ор: Әуезов Саламат

«Үздік әдіскер»

36. Өтеген Меруерт

«Мобилограф»

37. Мансұр Құрбанбай
    1. «Бекет атаның 275 жылдығы»
    2. «Жеңістің 80 жыл»

«Бейнелеу»

38. Нуршаханова Каромат Рахимовна

1.«Абай Құнанбайұлы»
2.«Нұрғиса Тлендиев»
3.«Бекет Ата Маңғыстау - шырағы»
4.«Нұрғиса Тлендиев»
5. «Домбырашы қыз»
6. «Толқын жыры»

39. Қонарбай Бейбарыс

1.«Ерлік рухы»
2.«Мейірім»
3.«Бозжыра»

40. Байғали Мадина

1. «Көкпар»
2. «Көңілдің көкжиегі»
3. «Ақын мен дала»

41. Утаров Саламат Толыбайулы

1. «Ақбөбек»
2. «Шопан ата»
3. «Ұстаз»

«Фотосурет»

42. Кандаурова Алина

1.«Бекет ата»
2. «Бекет ата»
3. «Вечный огонь»
4. «Память»
5. «Бесмертный полк»

43. Азымов Ербол

1. «У вечного огня»
2. «Бекет ата»
3. «Парад»
4. «Бекет ата»
5. «Ветеран»

44. Абильгазиева Зейль

1.«Бекет ата»
2. «Бекет ата»
3. «Наши герои»
4. «Бессмертный полк»
5. «День победы»

1-жүргізуші: Маңғыстау жұлдыздарында өнер көрсеткен әр өнерпаз өз өңірінің мақтанышы, туған жерінің жарқын бейнесі. Олардың өнерлері Маңғыстаудың мәртебесін асырып, рухын биіктетті!

2-жүргізуші: Біз барлық аудан мен қала өнерпаздарына шығармашылық табыс, шабыт пен жеңіс тілейміз! Жұлдыздарыңыз жарқырап, өнерлеріңіз өрлей берсін!

1-жүргізуші: Әр ауданнан, әр қаладан келген өнер иелері Маңғыстау мәдениетінің тірегі, руханияттың шамшырағы.Сіздерге сәттілік тілейміз, жұлдыздарыңыз мәңгі сөнбесін!

2-жүргізуші:Жарқыра, Маңғыстау жұлдыздары! Өнер оты өшпесін, шабыт шуағы мәңгі болсын!